

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

М.Қ. Байгісіев, Ж.А. Оспанбаев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНСПОРТ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Электронды оқу құралы

Алматы,
Қазақ университеті,
2016

ӘОЖ 656
КБЖ 39.1
Б 17

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің
Ғылыми кеңесі мен Республикалық баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының докторы, профессор **Р.Е.Елемесов**
экономика ғылымдарының докторы, профессор **Р.К.Сатова**
экономика ғылымдарының кандидаты **А.Х. Ахметжанова**

Байгісіев М.Қ., Оспанбаев Ж.А.

Б 17 Халықаралық транспорт операциялары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.
ISBN 978-601-04-0691-9

Ұсынылып отырған оқу құралы халықаралық транспорт операцияларын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың теориялық, тәжірибелік мәселелеріне арналған. Халықаралық транспорт операциялары ұлттық экономиканың халықаралық шаруашылық байланыстарға терең интеграциялануы жағдайында ерекше өзектілікке ие болуда. Оқу құралында жүктерді және жолаушыларды халықаралық тасымалдаудың түрлері, формалары, әлемдік тәжірибесі мен аталған қызмет түрінің құқықтық реттелуі жан-жақты қарастырылған.

Оқу құралы экономикалық, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық мамандықтарында оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және халықаралық транспорт операцияларымен айналысатын барлық ізденісті оқырмандарға арналған.

**ӘОЖ 656
КБЖ 39.1**

ISBN 978-601-04-0691-9

© Байгісіев М.Қ., Оспанбаев Ж.А., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Транспорт (лат. «ауыстырамын») – бұл жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын материалдық өндірістің бір саласы. Әлемдік шаруашылық кешені жүйесінде транспорт халықаралық экономика инфрақұрылымын қалыптастырудың және өндірістің динамикалық және тиімді дамуына тікелей әсері бар негізгі салаларының бірі ретінде ерекше орын алады. Еңбек заттары мен құралдарының үздіксіз орын ауыстыруын қамтамасыз ете отырып, транспорт қоғамдық өндірістің үздіксіз жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Заттай өнімнің өндіріс сферасынан тұтыну сферасына ауыспалы айналымы өндіріс үдерісінің жалғасы болып табылады. Өнімді өндіріс пунктінен тұтыну пунктіне ауыстыруға байланысты шығын айналым шығыны ретінде транспорттық шығын болып табылады және нәтижесінде түпкі тұтыну бағасына қосылады. Сондықтан да тауарлардың бағалық бәсекесінде транспорттық фактор ерекше рөл атқарады.

Сонымен, транспорт өнімді өткізу кезеңін аяқтайды да, айрықша тауар түрі – транспорттық қызмет көрсетудің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Кез-келген сыртқы экономикалық мәміле бойынша сатылған тауардың транспорт арқылы екі немесе одан да көп елдер арасында тасымалдану қажеттілігі оларды халықаралық айналым сферасына түсіреді. Бұл үдерісте жүк жөнелтуші мен қабылдап алушы, сонымен қатар жеткізуші, халықаралық сипаттағы құқықтық қатынастардың қатысушысы болып